

Астананы көшірудің бірінші кезеңінде Ақмола қаласына көшірілуге жататын мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметкерлеріне тұрғын үй беру туралы уақытша ережені бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 26 наурыздағы N 418

Астананы көшірудің бірінші кезеңінде Ақмола қаласына көшірілуге жататын мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметкерлеріне тұрғын үй беру мәселелерін тәртіпке келтіру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған астананы көшірудің бірінші кезеңінде Ақмола қаласына көшірілуге жататын мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметкерлеріне тұрғын үй беру туралы уақытша ереже бекітілсін.

2. Премьер-Министрдің Кеңесі Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісім бойынша бір ай мерзім ішінде бұл органдар мен ұйымдардың көшірілетін қызметкерлері санының лимитін көрсете отырып, астананы Ақмола қаласына көшірудің бірінші кезеңінде көшірілуге жататын мемлекеттік органдар мен ұйымдардың тізбесін әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге е н г і з с і н .

3. Әділет министрлігі Қазақстан Республикасы Президентінің Іс

Басқармасымен бірлесіп (келісім бойынша), мүдделі мемлекеттік органдарды тарта отырып, бір ай мерзім ішінде бірінші кезеңде Ақмола қаласына көшірілуге жататын мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметкерлеріне тұрғын үй беру туралы Үлгі шарттың нысанын әзірлесін және оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсынсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 26 наурыздағы
N 418 қаулысымен
бекітілген

Астананы көшірудің бірінші кезеңінде Ақмола қаласына көшірілуге жататын мемлекеттік органдар мен ұйымдардың

қызметкерлеріне тұрғын үй беру туралы
УАҚЫТША ЕРЕЖЕ

I. Тұрғын үй берудің принципті қадамдары

1. Осы Уақытша ереже Ақмола қаласына көшірілуге жататын мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметкерлеріне тұрғын үй беру мәселелерін реттейді.

Ақмола қаласына көшірілуге жататын мемлекеттік органдар мен ұйымдардың тізбесін, сондай-ақ осы органдар мен ұйымдардың Ақмола қаласына ауыстырылатын қызметкерлері санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың нақты қызметкерлерін жеке іріктеуді олардың санының белгіленген лимитінің шегінде осы органдар мен ұйымдардың бірінші басшылары жүргізеді.

2. Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды көшірудің бірінші кезеңінде мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметкерлеріне берілетін тұрғын үй екі санатқа бөлінеді:

1) мемлекеттік қызметтік тұрғын үй - мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметкерлеріне олардың қызметтік міндеттерін орындауы кезеңіне сатып алу құқығынсыз берілетін тұрғын үй;

2) қызметтік тұрғын үйге теңестірілген мемлекеттік тұрғын үй - мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметкерлеріне осы Уақытша ережеде және меншік иесі мен тұрғын үйді жалға алушының арасындағы шартта белгіленген шарттар мен тәртіп бойынша сатып алу құқығымен берілетін тұрғын үй.

3. Мемлекеттік органдардың Ақмола қаласында қалыптасуының одан кейінгі кезеңдерінде мемлекеттік органдар мен ұйымдар қызметкерлерінің тұрғын үй проблемаларын шешу "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

II. Тұрғын үй беру ережелері

4. Мемлекеттік органның және ұйымның қызметкері мен оның отбасы мүшелеріне тұрғын үй беру тұрғын үй иесімен немесе ол уәкілеттік берген заңды тұлғамен жасалған мерзімді немесе мерзімсіз шарттың негізінде жүзеге асырылады. Үлгі шарттың нысанын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

5. Шартта көрсетілген тұру мерзімі, егер мемлекеттік қызметші соған байланысты өзіне тұрғын үй берілген еңбек қатынасын жалғастырса, ұзартылуы тиіс.

III. Мемлекеттік тұрғын үйден шығару ережелері

6. Мемлекеттік органның немесе ұйымның қызметкерін және оның отбасы мүшелерін соған байланысты аталған тұрғын үй берілген еңбек қатынасын тоқтатқан кезде олар тұратын мемлекеттік тұрғын үйден шығарудың шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен және тұрғын үй беру туралы шартпен р е т т е л е д і .

IV. Мемлекеттік тұрғын үйді сатып алу кезіндегі негізгі шарттар

7. Кемінде 10 жыл мемлекеттік қызмет стажы бар мемлекеттік органның және ұйымның қызметкері онымен бірге тұратын барлық кәмелетке толған отбасы мүшелерінің келісімімен өзі тұратын қызметтік тұрғын үйге теңестірілген мемлекеттік тұрғын үйді сатып алуға құқылы.

8. Мемлекеттік тұрғын үйді сатып алу оны сатып алу сәтіндегі амортизациялар ескеріле отырып, оның баланстық құны бойынша жүргізіледі. Сатып алу бір уақытта немесе 10 жылдың ішінде бөліп-бөліп жүргізілуі мүмкін.

V. Мемлекеттік тұрғын үйді сатып алудағы жеңілдіктер

9. Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың сатып алуға жатпайтын мемлекеттік қызметтік тұрғын үй бөлінетін қызметкерлеріне қалауы бойынша, Қазақстан Республикасының аумағында жеке меншік тұрғын үй салуға (сатып алуға) жеңілдікті несиені кезектен тыс алу құқығы не қызметтік тұрғын үйге теңестірілген мемлекеттік тұрғын үйге құқық беріледі.

10. Мемлекеттік органның және ұйымның қызметкерінің қалауы бойынша жеке меншік тұрғын үй салу (сатып алу) үшін берілетін жеңілдікті несие сатуға жатпайтын қызметтік тұрғын үйдің орнына 30 жылға дейін мерзімде өтеу шартымен жылына 2 процент өсімге беріледі. Аталған тұрғын үй Қазақстан Республикасы аумағының айрықша режимдегі елді мекендер санатына жатпайтын кез келген елді мекенде сатып алынуы немесе салынуы мүмкін.

11. Қызметтік тұрғын үйге теңестірілген мемлекеттік тұрғын үйдің құны сатып алу кезінде мемлекеттік қызметте еңбек сіңірген жылдарына (стажына) және мемлекеттік қызметші лауазымының жіктемесіне (санаты мен біліктілік сыныбына) қарай осы Уақытша ереженің қосымшасына сәйкес сараланады.

Қосымша

Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мемлекеттік қызметтегі

еңбек сіңірген жылдарына және лауазымдарының жіктемесіне
байланысты қызметтікке теңестірілген мемлекеттік тұрғын
үйлердің жалпы құнының проценттеріндегі жекешелендіру құны

Еңбек сіңір.	Мемлекеттік қызметшілердің жіктемелік сипаттамасы						
ген	Жоғарғы санат		Бірінші санат		Екінші санат		
жылы							
	Жоғарғы	I	II	III	IV	V	VI
	сынып	сынып	сынып	сынып	сынып	сынып	сынып

10	0	16	28	40	52	64	76
11	0	12	24	36	48	60	72
12	0	8	20	32	44	56	68
13	0	4	16	28	40	52	64
14	0	0	12	24	36	48	60
15	0	0	8	20	32	44	56
16	0	0	4	16	28	40	52
17	0	0	0	12	24	36	48
18	0	0	0	8	20	32	44
19	0	0	0	4	16	28	40
20	0	0	0	0	12	24	36
21	0	0	0	0	8	20	32
22	0	0	0	0	4	16	28
23	0	0	0	0	0	12	24
24	0	0	0	0	0	8	20
25	0	0	0	0	0	4	16

Үшінші санат | Төртінші санат | Бесінші санат |

VII | VIII | IX | X | XI | XII |

СЫНЫП | СЫНЫП | СЫНЫП | СЫНЫП | СЫНЫП | СЫНЫП |

10. 88	100	100	100	100	100
11. 84	96	100	100	100	100
12. 80	92	100	100	100	100
13. 76	88	100	100	100	100
14. 72	84	96	100	100	100
15. 68	80	92	100	100	100
16. 64	76	88	100	100	100
17. 60	72	84	96	100	100
18. 56	68	80	92	100	100
19. 52	64	76	88	100	100
20. 48	60	72	84	96	100
21. 44	56	68	80	92	100
22. 40	52	64	76	88	100
23. 36	48	60	72	84	96
24. 32	44	56	68	80	92
25. 28	40	52	64	76	88